АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ № 78 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ» ШЖҚ МКК

ГКП на ПХВ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 78 ИМЕНИ
СМАГУЛА САДУАКАСУЛЫ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

2026 жылғы 1 қыркүйек **№ 162-н/к**

**2023-2026 жылдарға арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын
және ата-аналарды педагогикалық
қолдау бағдарламасын іске асыру
қызметін ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ҚР ОМ 26.05.2025ж. №123 бұйрығымен бекітілген «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының 2025ж. 02.07. №01-1/499 Әдістемелік нұсқау хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте 2026-2027 оқу жылынан бастап жаңартылған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізілсін.

2. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Омашева Г.М., Мухамеджанова Ж.:

- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ай атаулары мен 6 құндылық бойынша тәрбие жұмысы негізгі ережелерге сәйкес іске асырылып және мектепішілік тәрбие жоспары құрылып, бекітуге ұсынылсын;
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында ақпараттық бұрыш дайындалсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Г.М.Омашеваға, Ж.Мухамеджановаға жүктелсін.

4. 2026-2027 оқу жылында мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру (бұдан әрі – Бағдарлама) бойынша қызмет кабинеті ұйымдастырылсын.

- директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Омашева Г.М.:
- Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастырады және Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті регламенттейтін ішкі құжаттарды дайындайды;
- бағдарлама бойынша шаралар өткізуге педагогтерді даярлайды; педагогтерге білім беру курстарын бекітеді;
- педагогтердің, ата-аналар мен балалардың мониторингке қатысуын, Бағдарламаны БАҚ және әлеуметтік желілерде іске асыру жөніндегі қызметті ілгерілетуді қамтамасыз етеді;

- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының аясында 6 әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы білім алушыларға жеке құндылықтарды бойына сіңірген, үйлесімді тұлға қалыптастыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылсын;
- мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысы ұйымдастырылсын;
- бағдарламада ұсынылғын әлеуметтік жобалар іске асырылсын;
- директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Орынбекова А.К.: мектептің жауапты педагогтеріне кабинеттерді бекітуді, ата-аналармен сабақ өткізуге арналған жабдықтармен жарақтандыруды жүзеге асырады, Бағдарламаны іске асыру және сабақ өткізу кезінде бөгде адамдарды мектепке жібермеу жөніндегі қызмет барысында мектеп оқушыларының санитарлық-гигиеналық жағдайлары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша техникалық персоналдың, вахтерлердің, күзетшілердің жауапкершілігін арттыру үшін жауап береді;
- мектеп кітапханашысы Кульбабенова А.Ш.: педагогтер мен сынып жетекшілерді ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етеді.

5. Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Омашева Г.М. мектепішілік бақылау жоспарының тарауларына Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті бақылауды жүзеге асыру үшін іс-шараларды өткізу мерзімдерін айқындай отырып толықтырулар енгізсін.

6. Сынып жетекшілері ата-аналардың Бағдарламаға қатысуын қамтамасыз етсін, Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері туралы ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізсін, ата-аналар жиналыстарында мектептің оң тәжірибесін жарияласын.

7. Мектеп әкімшілігі Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және мектеп сайтында ілгерілетуді жүзеге асырсын, бірлескен табысты тәжірибені насихаттап, Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметке белсенді қатысу үшін мектептің өзін-өзі басқаруын, мектептің Қамқоршылық кеңесін, әлеуметтік әріптестерді, демеушілерді тартылсын.

8. Мектеп әкімшілігі мен жұмыс тобы тәжірибе алмасу және жұмыс тиімділігін арттыру үшін Бағдарлама қызметінің қорытынды іс-шарамен (ата-аналарға арналған ашық есік күні, ата-аналар конференциясы, ата-аналар оқулары және т.б., облыстық және республикалық ата-аналар форумына қатысу) аяқталуын қамтамасыз етсін.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры **К.Жангазакова**